

Бекітемін:

«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Меңгерушісі: А.М.Жанекешова



Қаралды:

«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Әдіскері: Ж.Ж.Сагизбаева

***2023-2024 оқу жылына арналған
«Құлыншақ» тобының ата-анамен
жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары***

2023-2024 оқу жылы

Бекітемін:
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
Меңгерушісі: А.М.Жаппасов



Қаралды: 
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
Әдіскері: Ж.Ж.Сагизбаева

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары

2023-2024 оқу жылы

Мерзімдер	Атқарылатын жұмыстар	Жауаптылар
Қыркүйек	Жаңа 2023-2024 оқу жылының мақсат міндеттерімен таныстыру.	Меңгеруші Әдіскер Тәрбиешілер
Қазан	«Алтын күз» мерекесіне дайындық	Тәрбиешілер
Қараша	«Баланың басты ұстазы ата-ана» жиналыс	Тәрбиешілер
Желтоқсан	«Жаңа жыл мерекесіне дайындық. Жаңа жылдық көрме	Тәрбиешілер
Қаңтар	Бала тәрбиесіндегі ойынның маңызы	Тәрбиешілер
Ақпан	Қысқы ойындар. Ата аналар мен балалар	Тәрбиешілер
Наурыз	Наурыз мерекесіне дайындық	Тәрбиешілер
Сәуір	Ата аналар жиналысы	Тәрбиешілер
Мамыр	Жаз мезгіліндегі сауықтыру шараларымен танысу	Тәрбиешілер

«Балауса» бөбекжай-балабақшасы»

«Баланың балабақшаға бейімделуі»

Ата-аналар жиналысы

Тәрбиешілер: Әбдіқамал Е.Б

Ермағамбетова Э.Т

2023-2024оқу жылы

Ата-аналар жиналысының тақырыбы:

Баланың балабақшаға бейімделуі

Мақсаты:

Ата-аналарға баланың балабақшаға бейімделу кезеңі туралы түсінік беру, психологиялық қолдау жолдарын ұсыну.

Міндеттері:

Бейімделу кезеңінің ерекшеліктерін түсіндіру

Қиындықтардың себептерін анықтау

Ата-ана мен тәрбиеші арасындағы ынтымақтастықты нығайту

Жиналыс барысы:

1. Кіріспе сөз

Құрметті ата-аналар!

Бүгін біз баланың балабақшаға бейімделуі туралы әңгімелесеміз. Балабақша – бала өміріндегі алғашқы әлеуметтік орта. Бұл кезең әр бала үшін маңызды әрі жауапты сәт.

2. Негізгі бөлім

Бейімделу дегеніміз не?

Бейімделу – баланың жаңа ортаға, жаңа адамдарға, күн тәртібіне үйренуі.

Бейімделу кезеңінің түрлері:

Жеңіл бейімделу – 1–2 апта

Орташа бейімделу – 2–4 апта

Қиын бейімделу – 1–2 айға дейін

Бейімделу кезіндегі белгілер:

Жылау, мазасыздық

Тамаққа тәбеттің төмендеуі

Ұйқының бұзылуы

Жиі ауыру

Бұл – қалыпты жағдай. Уақыт өте бала үйренеді.

3. Ата-аналарға кеңес:

✓ Баланы балабақшамен алдын ала таныстыру

✓ Қоштасуды қысқа әрі сенімді жасау

✓ Баланы қорқытпау

✓ Үйде күн тәртібін сақтау

✓ Тәрбиешімен тығыз байланыста болу

4. Қорытынды

Баланың бейімделуі – ата-ана мен тәрбиешінің бірлескен еңбегі. Сабырлық пен қолдау арқылы бұл кезең сәтті өтеді.

Назарларыңызға рахмет!

«Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Ата-аналар жиналысы

Тақырыбы: «Баланың балабақшадағы киімі»

Тәрбиешілер: Әбдіқамал Е.Б

Ермагамбетова Э.Т

2023-2024оқу жылы

Ата-аналар жиналысының тақырыбы:

«Баланың балабақшадағы киімі»

Мақсаты:

Баланың балабақшада киетін киіміне қойылатын талаптарды түсіндіру

Қауіпсіз, ыңғайлы, денсаулыққа пайдалы киім таңдауға бағыт беру

Ата-аналармен бірлескен талап қалыптастыру

Міндеттері:

Киімнің бала дамуына әсерін түсіндіру

Маусымдық киім ерекшеліктерін айту

Гигиеналық талаптарды еске салу

Жиналыс барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі

Ата-аналармен амандасу.

Жиналыс тақырыбын таныстыру.

Кіріспе сөз:

Құрметті ата-аналар!

Бүгін біз баланың балабақшадағы киімі туралы әңгімелесеміз. Киім – тек сыртқы көрініс емес, ол баланың денсаулығына, қозғалысына, көңіл-күйіне тікелей әсер етеді. Сондықтан балабақшаға дұрыс киім таңдау – өте маңызды.

II. Негізгі бөлім

1. Балабақшадағы киімге қойылатын талаптар

Ыңғайлылық

Бала еркін қозғала алуы керек

Тым тар немесе тым кең болмауы тиіс

Өзі шешіп, өзі кие алатындай жеңіл болуы қажет

Қауіпсіздік

Ұзын баулар, қауіпті ілгектер болмауы керек

Түймелері мықты тігілген болуы тиіс

Таймайтын аяқ киім болуы қажет

Табиғилық

Мақта, табиғи матадан тігілген киім

Теріні тітіркендірмейтін болуы керек

Ауа өткізетін болуы қажет

2. Топ ішіндегі киім

Жеңіл футболка немесе кофта

Ыңғайлы шалбар немесе юбка

Ауыстыратын аяқ киім (таймайтын)

Қосымша іш киім (қажет жағдайда)

Қымбат, сәндік, мерекелік киім киіп жібермеуді сұраймыз. Бала ойнайды, бояумен жұмыс жасайды, сондықтан киім кірлеуі мүмкін.

3. Маусымдық киім

Күз-қыс мезгілі:

Жылы, бірақ ауыр емес күртеше

Қолғап, бас киім

Су өткізбейтін аяқ киім

Көктем-жаз:

Жеңіл, ауа өткізетін киім

Панама немесе кепка

Ыңғайлы сандал немесе туфли

4. Киімнің тазалығы

Күнделікті таза киім

Иссіз, жуылған

Балаға арналған жұмсақ ұнтақпен жуылған

III. Ата-аналармен пікір алмасу

Сұрақтар:

Балаңыз киімін өзі шеше ала ма?

Қандай қиындықтар кездеседі?

«Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Ата-аналарға арналған сауалнама

Тәрбиешілер: Әбдіқамал Е.Б

Ермагамбетова Э.Т

2023-2024 оқу жылы

Ата аналар жекелеси.

15. 11. 2022.

Сауаткама.

Жазгырмы: " Бу баалауу туран
не айта алабыз."

Ата аналардан сауаткама
алынат.

